

**«Kazakhstan Bar Association»
Заң консультанттары палатасы
Мүшелерінің Жалпы жиналысының
2019 жылғы 2 тамыздағы шешімімен
«БЕКІТІЛДІ»**



**ТӘРТІПТІК ЫҚПАЛ ЕТУ ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1 Осы Ереже Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, «Kazakhstan Bar Association» Заң консультанттары палатасының (бұдан әрі – Палата) Жарғысына, Палата мүшелерінің Қазақстан Республикасының адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы заңнамасының, заң көмегін көрсету стандарттарының, «Kazakhstan Bar Association» Заң консультанттары палатасының кәсіби әдеп кодексі мен кәсіби мінез-құлық қағидаларының талаптарын сақтауы тұрғысында олардың қызметін бақылау жөніндегі комиссия туралы ережеге сәйкес әзірленген.
- 1.2 Палата мүшелеріне қатысты тәртіптік ықпал ету шаралары олардың:
- Қазақстан Республикасының адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы заңнамасының;
 - Палата Жарғысының,
 - заң көмегін көрсету ережелері мен стандарттарының;
 - «Kazakhstan Bar Association» Заң консультанттары палатасының Кәсіби әдеп кодексі мен кәсіби мінез-құлық қағидаларының;
 - Палатаға мүшелік шарттарының,
 - Палатаның ішкі құжаттарының
- (бұдан әрі – Міндетті талаптар) талаптарын бұзу фактілері анықталған және дәлелденген жағдайда қолданылады.
- 1.3. Тәртіптік ықпал ету шараларын қолдану бұзушылыққа жол берген Палата мүшелерінің іскерлік беделіне зиян келтіру мақсатын көздемейді және Палатаның мүшелері заң көмегін көрсететін жеке және заңды тұлғалардың, сондай-ақ Палатаның басқа мүшелерінің заңды құқықтары мен мүдделерін қорғауға ғана бағытталған.

2 ТӘРТІПТІК ЫҚПАЛ ЕТУ ШАРАЛАРЫНЫҢ ЖҮЙЕСІ

- 2.1 Палата осы Ереженің 1.2-тармағында көрсетілген бұзушылық фактілері анықталған және дәлелденген жағдайда өзінің мүшелеріне қатысты Тәртіптік ықпал ету шараларын қолданады.
- 2.2 Осы Ереженің 1.2-тармағында көзделген бұзушылықтарға жол берген Палатаның мүшелеріне мына төмендегідей тәртіптік ықпал ету шаралары қолданылуы мүмкін:
- 2.2.1 Палата мүшесінің анықталған бұзушылықтарды белгіленген мерзімде міндетті түрде жоюы туралы нұсқама шығару;
 - 2.2.2 Палатаның мүшесіне ескерту жасау;
 - 2.2.3 Заң консультантының Палатаға мүшелігін тоқтата тұру;
 - 2.2.4 Заң консультантын Палатаның мүшелері қатарынан шығару.
- 2.3 Анықталған бұзушылықтарды міндетті түрде жою туралы нұсқама.
- 2.3.1 Палатаның мүшесіне анықталған бұзушылықтарды міндетті түрде жою туралы нұсқама шығару - Палатаның мүшесін жол берілген бұзушылықтарды белгіленген мерзімде жоюға бағытталған әрекеттерді жасауға міндеттейтін тәртіптік ықпал ету шарасы;
 - 2.3.2 Анықталған бұзушылықтарды міндетті түрде жою туралы нұсқаманы Тәртіптік комиссия, соның ішінде Палата мүшелерінің Қазақстан

Республикасының адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы заңнамасының, заң көмегін көрсету стандарттарының, Кәсіби әдеп кодексі мен кәсіби мінез-құлық қағидаларының талаптарын сақтауы тұрғысында олардың қызметін бақылау жөніндегі комиссияның (бұдан әрі – Бақылау жөніндегі комиссия) және Палатаның басқа органдарының ұсынысы бойынша жазбаша түрде шығарады және анықталған бұзушылықтарды жою мерзімін міндетті түрде көрсетеді.

- 2.3.3 Анықталған бұзушылықтарды міндетті түрде жою туралы нұсқамада белгіленген анықталған бұзушылықтарды жою мерзімі 15 (он бес) күнтізбелік күннен аспауға тиіс. Палатаның Тәртіптік комиссиясының негізді дәлелдер мен мән-жайларды ескере отырып, анықталған бұзушылықтарды жою мерзімін 15 (он бес) күнтізбелік күнге ұзартуға құқығы бар.
- 2.3.4 Палатаның мүшесі өзіне қатысты шығарылған Анықталған бұзушылықтарды міндетті түрде жою туралы нұсқаманың орындалғаны/ішінара орындалғаны/орындалмағаны туралы Анықталған бұзушылықтарды міндетті түрде жою туралы нұсқамада белгіленген мерзімнен кешіктірмей Палатаны жазбаша түрде хабардар етуге міндетті.
- 2.3.5 Палата мүшесінің осы Ереженің 2.3.4-тармағының талаптарын орындамауы Палатаның ішкі құжаттарының міндетті талаптарын бұзушылық болып табылады және Палатаның мүшелеріне қатысты басқа да тәртіптік ықпал ету шараларын қолдану жөніндегі Тәртіптік комиссияның қарауына жатады.

2.4 Ескерту

- 2.4.1 Палатаның мүшесіне Ескерту шығару – бұзушылықты белгіленген мерзімде жоюға міндеттейтін, сондай-ақ Анықталған бұзушылықтарды міндетті түрде жою туралы нұсқаманы Палатаның мүшесі орындамаған/уақтылы орындамаған, сондай-ақ ол Қазақстан Республикасының адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы заңнамасының, Палата Жарғысының, заң көмегін көрсету ережелері мен стандарттарының, «Kazakhstan Bar Association» заң консультанттары палатасының Кәсіби әдеп кодексі мен кәсіби мінез-құлық қағидаларының талаптарын, Палатаға мүшелік шарттарын, Палатаның ішкі құжаттарын қайталап бұзған жағдайда Палатаның мүшесіне неғұрлым қатаң тәртіптік ықпал ету шараларын қолдану мүмкіндігіне нұсқайтын тәртіптік ықпал ету шарасы.
- 2.4.2 Палата мүшесіне ескерту жазбаша түрде жасалады.
- 2.4.3 Ескерту осы Ереженің 2.3-тармағында көзделген Тәртіптік ықпал ету шарасына – Анықталған бұзушылықтарды міндетті түрде жою туралы нұсқамаға қосымша Тәртіптік ықпал ету шарасы ретінде қолданылуы мүмкін.

2.5 Заң консультантының Палатаға мүшелігін тоқтата тұру

- 2.5.1 Заң консультантының Палатаға мүшелігін тоқтата тұру Палата мүшесінің мынадай құқығын уақытша тоқтату түрінде көрінеді:
- азаматтық сот ісін жүргізуде өкіл ретінде жеке және заңды тұлғаларға заң көмегін көрсетуге байланысты жаңа шарттар жасасуға (заң консультанты еңбек шартын жасасқан заңды тұлғаның мүддесіне өкілдік етуді қоспағанда);
 - заң консультантының Палатаға мүшелігі тоқтатыла тұрған күнге дейін сот іс жүргізуге қабылдаған азаматтық істер бойынша жеке және

заңды тұлғалардың өкілдері функцияларын жүзеге асыруды жалғастыруға (заң консультанты еңбек шартын жасасқан заңды тұлғаның мүддесіне өкілдік етуді қоспағанда).

- 2.5.2 Осы Ережеге сәйкес Тәртіптік ықпал ету шараласы ретінде қолданылған заң консультантының Палатаға мүшелігін тоқтата тұруға анықталған бұзушылықтар жойылғанға дейінгі мерзімге, бірақ шешім қабылданған күннен кейінгі күннен бастап тоқсан күнтізбелік күннен аспайтын мерзімге жол беріледі.
- 2.5.3 Палата мүшесінің 2.5.2-тармақтың талаптарын орындамауы Палатаның мүшелері қатарынан шығару түріндегі тәртіптік ықпал ету шараларының қолданылуына әкеп соғады.
- 2.6 Заң консультантын Палатаның мүшелері қатарынан шығару.
- 2.6.1 Заң консультантын Палатаның мүшелері қатарынан шығару – қолдануы заң консультантының Палатаға мүшелігін тоқтатуға әкеп соғатын тәртіптік ықпал ету шарасы;
- 2.6.2 Палатаның мүшелері қатарынан шығарылған заң консультанты заң консультантын Қазақстан Республикасының адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы заңнамасының, заң көмегін көрсету қағидалары мен стандарттарының, Кәсіби әдеп кодексінің талаптарын бұзғаны үшін Палатаның мүшелері қатарынан шығару туралы шешім қабылданғаннан кейін ең ерте дегенде 3 (үш) жылдан кейін жалпы негізде Палатаның мүшелері қатарына қабылдау туралы қайтадан өтініш беруге құқылы.

3 ПАЛАТАНЫҢ МҮШЕЛЕРІНЕ ТӘРТІПТІК ЫҚПАЛ ЕТУ ШАРАЛАРЫН ҚОЛДАНУ ТУРАЛЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУДАҒЫ ПАЛАТА ОРГАНДАРЫНЫҢ ӨКІЛЕТТІКТЕРІ.

- 3.1 Өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелеріне тәртіптік ықпал ету шараларын қолдану туралы шешім қабылдауға уәкілетті органдар мыналар болып табылады:
- 3.1.1 Палата мүшелерінің Жалпы жиналысы Палатаның мүшелеріне осы Ереженің 2.2-тармағында көзделген кез келген тәртіптік ықпал ету шараларын қолдануға, сондай-ақ осы Ереженің 3.1.2 және 3.1.3-тармақтарында атап көрсетілген және Палатаның органдары қолданған Палатаға мүшелікті тоқтата тұру немесе Палатаның мүшелері қатарынан шығару түріндегі тәртіптік ықпал ету шараларын өзгертуге/күшін жоюға құқылы.
- 3.1.2 Палатаның Басқармасы Палатаның мүшелеріне қатысты осы Ереженің 2.2.1-2.2.4-тармақтарында көзделген тәртіптік ықпал ету шараларын қолдануға құқылы. Палатаның Басқармасы Тәртіптік комиссия Палатаның мүшелеріне қолданған Тәртіптік ықпал ету шараларын өзгертуге/күшін жоюға құқылы.
- 3.1.3 Палатаның Тәртіптік комиссиясы Палатаның мүшелеріне қатысты осы Ереженің 2.2.1-2.2.2-тармақтарында көзделген тәртіптік ықпал ету шараларын қолдану туралы шешім қабылдауға құқылы.
- 3.2 Палата мүшесіне тәртіптік ықпал ету шараларын қолдану туралы шешім мына төмендегі ескеріліп қабылданады:
- Палата мүшесінің осы Ереженің 1.2-тармағында көзделген талаптарды бұзуының фактілерін растайтын құжаттар;
 - тәртіптік іс қозғалған Палата мүшесі ұсынған, тиісті құжаттармен расталған ақпарат;

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шара қабылдау үшін Палатаға жіберілген соттардың жеке ұйғарымдары және прокуратура мен әділет органдарының жазбаша талаптары (нұсқамалары, қаулылары, хабарламалары);
- Бақылау жөніндегі комиссия нәтижесінде Қазақстан Республикасының заң көмегі туралы заңнамасының, заң көмегін көрсету стандартының, «Kazakhstan Bar Association» Заң консультанттары палатасының Кәсіби әдеп кодексі мен кәсіби мінез-құлық қағидаларының талаптарын бұзушылықты анықтаған жоспарлы немесе жоспардан тыс тексеру материалдары;
- жеке және заңды тұлғалардың шағымдары мен өтініштері;
- аудио және бейне жазбалар;
- тәртіптік іс жүргізу шеңберінде маңызы бар басқа да дәлелдемелер.

3.3 Өтінім беру Палатаның мүшесіне Тәртіптік ықпал ету шарасын қолдану туралы шешім шығару және оны таңдау кезінде төмендегілер ескерілуі мүмкін:

- Палата мүшесінің осы Ереженің 1.2-тармағында көзделген міндетті талаптарды бұзу фактісі мен бұзушылық құрамының болуы;
- Палата мүшесінің осы Ереженің 1.2-тармағында көзделген міндетті талаптарды бұзуының мән-жайлары;
- Палата мүшесінің осы Ереженің 1.2-тармағында көзделген міндетті талаптарды бұзуының себептері;
- осы Ереженің 1.2-тармағында көзделген міндетті талаптарды өзінің бұзу фактісі туралы Палата мүшесінің уақтылы хабардар етуі;
- Палата мүшесінің осы Ереженің 1.2-тармағында көзделген міндетті талаптарды бұзушылықты болдырмау бойынша мүмкіндіктері мен әрекеттері;
- өзінің әрекеті (әрекетсіздігі) нәтижесінде келтірілген зиянды/нұқсанды азайтуға және өтеуге бағытталған Палата мүшесінің әрекеттері;
- Палата мүшесінің осы Ереженің 1.2-тармағында көзделген міндетті талаптарды бұзуының жиілігі мен қайталануы,
- басқасы.

4 ПАЛАТАНЫҢ МҮШЕЛЕРІНЕ ТӘРТІПТІК ЫҚПАЛ ЕТУ ШАРАЛАРЫН ҚОЛДАНУ ТУРАЛЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУҒА УӘКІЛЕТТІ ПАЛАТА ОРГАНДАРЫНЫҢ ШЕШІМДЕРІ

- 4.1 Палатаның мүшелеріне қатысты тәртіптік ықпал ету шараларын қолдану туралы істерді қарау тәртібі Палатаның ішкі құжаттарымен, соның ішінде «Палатаның Тәртіптік комиссиясы туралы» ережемен регламенттеледі.
- 4.2 Палатаның мүшелеріне тәртіптік ықпал ету шараларын қолдану туралы шешім қабылдауға уәкілетті органның қарауының нәтижесі бойынша дәлелді шешім шығарылады немесе нұсқама рәсімделеді.
- 4.3 Қабылданған шешім, рәсімделген нұсқама 10 күнтізбелік күн ішінде Палатаның мүшелеріне тәртіптік ықпал ету шараларын қолдану туралы іс соған қатысты қаралған Палатаның мүшесіне, шағым немесе жолданым жіберген тұлғаға жіберіледі (істе шағым немесе жолданым болған жағдайда).
- 4.4 Палатаның Төрағасы Палата Басқармасы заң консультантын Палатадан шығару туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі күннен кешіктірмей осындай шешімді Палатаның интернет-ресурсына орналастыруға, сондай-ақ осындай шешімнің көшірмелерін төмендегілерге жолдауға міндетті:
- 1) Палатадан шығару туралы шешім соған қатысты қабылданған заң консультантына;

- 2) Егер тұлғаны заң консультанттары палатасының мүшелігінен шығару оның Қазақстан Республикасының адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы заңнамасының, заң көмегін көрсету ережелері мен стандарттарының, Кәсіби әдеп кодексінің талаптарын бұзуына байланысты болса, - заң консультанттары палаталарының тізіліміне енгізілген барлық өзін-өзі реттейтін ұйымдарға;
 - 3) Уәкілетті органға.
- 4.5 Палатаның мүшелеріне тәртіптік ықпал ету шараларын қолдану туралы шешім қабылдауға уәкілетті Органдардың қабылдаған шешімдерінің орындалуын бақылауды Палатаның Бақылау жөніндегі комитеті, сондай-ақ Палатаның Төрағасы жүзеге асырады.

5 ТӘРТІПТІК ЫҚПАЛ ЕТУ ШАРАЛАРЫН ҚОЛДАНУ ТУРАЛЫ ШЕШІМДЕРГЕ ШАҒЫМ БЕРУ

- 5.1 Палатаның Тәртіптік комиссиясының шешіміне аталған шешім соған қатысты қабылданған Палатаның мүшесі осы шешімді алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Палатаның Басқармасына немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімде өділет органдарына шағым жасай алады.
- 5.2 Палатаның Басқармасы Тәртіптік комиссияның шешіміне шағымды Палата Басқармасына келіп түскен күннен бастап жиырма жұмыс күнінен кеш болмайтын мерзімде қарауға міндетті.
- 5.3 Палатаның Басқармасы Тәртіптік комиссияның шешіміне шағымды қарау кезінде қабылданған шешімнің негізділігін және оның Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Палатаның ішкі құжаттарына сәйкестігін тексереді.
- 5.4 Алқасының Тәртіптік ықпал ету шараларын қолдану туралы шешіміне осы шешім өзіне қатысты қабылданған Палатаның мүшесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімде сот органдарына шағым бере алады. Заң консультантының сондай-ақ Палата мүшелерінің Жалпы жиналысына Палата мүшелерінің қатарынан шығарудың негізсіздігі туралы арызбен жүгінуге құқығы бар. Заң консультанты өтінішті Палата Төрағасының атына береді, ол Палатаның мүшелері қатарынан шығарудың негізсіздігі туралы заң консультантының өтінішін қарау туралы мәселені Палатаның Жарғысында белгіленген тәртіппен енгізуге міндетті.
- 5.5 Палата мүшелерінің Жалпы жиналысының және Палата Басқармасының Тәртіптік ықпал ету шараларын қолдану туралы шешіміне аталған шешім өзіне қатысты қабылданған Палатаның мүшесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімде сот органдарына шағым жасай алады.

6 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 6.1 Осы Ереже Палата мүшелерінің Жалпы жиналысы бекіткен кезден бастап күшіне енеді.
- 6.2 Егер Қазақстан Республикасының заңнамасы мен нормативтік құқықтық актілерінің өзгертілуі нәтижесінде осы Ереженің жекелеген баптары оларға қайшы келсе, бұл баптар күшін жойған деп саналады және осы Ережеге өзгеріс енгізілгенге дейін Палатаның мүшелері Қазақстан Республикасының заңнамасы мен нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.